

Алматы медицина колледжі

Эндокринді бездер

Орындаған: Әбенбай Ұ

Тексерген: Рахымжанова Б

Ішкі секреция бездері(glandula endocrinae, лат. glandula без, грек, endon — ішкі, krino — бөлу)


— инкреттерін (гормондар) организмнің сұйық ішкі ортасына (қан, лимфа, ұлпа сұйығы) бөлетін бездер. Бұл бездер тек секрет бөлетін соңғы бөлімдерден тұрады, шығару өзектері болмайды және қан тамырларына өте бай келеді. Эндокринді бездер (ішкі секреция бездері): орталық және шеткі эндокринді бездер болып екіге бөлінеді. Орталық эндокринді бездерге: гипоталамус, гипофиз және элифиз, ал шеткі эндокринді бездерге: қалқанша, қалқанша маңы, бүйрекүсті бездері жатады. Бұлардан басқа организмде қосарлана қызмет атқаратын аралас бездер де болады. Оларға: жынысбездері, ұйқы безі, плацента және тимус (айырша без) жатады. Эндокринді бездер гормондары организмнің сұйық ішкі ортасы арқылы дене мүшелерінің дамуы мен қызметін, олардағы зат алмасу деңгейін гуморальды реттеуге қатысады

Аралас бездер



**Жыныс
бездері**

Ұйқы безі



**ҰЙҚЫ БЕЗІНІҢ БАСЫ, ДЕНЕСІ,
ҚҰЙРЫҒЫ БОЛАДЫ. ЕКІ ҚЫЗМЕТ
АТҚАРАДЫ.**

Гормондар

- * Ұйқы безінен бөлінетін гормон – **инсулин**.
- * Жыныс бездері организмде 2 ге бөлінеді: аталық және аналық жыныс бездері.
- * Аталық жыныс безі өзінен – **тестостерон** гормонын бөледі.
- * Аналық жыныс безінен – **эстроген** және **прогестерон** гормоны бөлініп шығады.

Қалқанша маңы бездері



Қалқанша безден бөлінетін гормондар жетіспесе, адам микседема (грекше «туха» - шырыш және «oidema» - ісіну) ауруына шалдығады.

Аурудың белгілері:

- 1) ағзада зат алмасу 30-40%-ға дейін бәсеңдейді, әсіресе нәруыз алмасуы бұзылады;
- 2) терінің астына су жиналады, тері құрғап, дене ісінеді;
- 3) дене температурасы төмендейді;
- 4) жүрек соғысы баяулайды;
- 5) қозғалысы бәсеңдеп, ойлау қабілеті нашарлайды; шашы түсіп, сирейді.

Ауруды тироксин гормонымен емдейді. Тироксин гормонының синтезделуі ағзада йодтың болуына байланысты. Адам йодты, йодты калий, йодты натрий түрінде тағаммен қабылдайды. Адам денесінде 30-50 мг йод болса, соның, шамамен 15 мг қалқанша безде кездеседі.

Микседема



Егер ішетін су мен тағамда йод жетіспесе, адам іспебұғақ (эндемиялық зоб) ауруымен ауырады (18, ә-сурет). Мұндай ауру әсіресе топырақ пен судың құрамында йодтың аз болуынан пайда болады. Тәулігіне адамның қабылдайтын йод мөлшері 0,15-0,20 мг болуы керек.

Аурудың белгісі. Қалқанша бездің ұлпалары өсіп, ұлғайып, салмағы 1 кг-ға дейін жетеді, сон-дыктан оны алкым ісуі дейді. Бұл ауруды емдеу және болдырмау үшін ас тұзына йод (100 кг ас тұзына 2,5 г йодты калий тұзы) қосады. Балабақша мен мектептерде балаларға дәрі береді. Дәрінің бір түйірінің құрамында 1 мг йодты калий бар.

Қалқанша безден гормон көп бөлінсе, денеде зат алмасу күшейеді; жүрек соғуы жиілейді; қан қысымы көтеріліп, жүйке жүйесінің қозуы артады; тамақты көп ішкенмен салмақ қоспай, керісінше арықтайды. Тез ашуланады және терлегіш болады. Көздері бадырайып, шарасынана алға қарай шығып тұрады. Мұндай ауруды бадырақ көз немесе *базедов ауруы* дейді. Бұл ауруды неміс дәрігері К. А. Базедов сипаттап жазған.

Ауруды емдеп жазу үшін қалқанша бездің кішкене бөлігін кесіп алып тастайды. Жеке жасушаларын жою үшін рентген сәулесімен де емдейді

Тироксин — гормонның түзілуі мен бөлінуін гипофиздің алдыңғы бөлігінен бөлшетін гормондар реттейді. Қанда тироксиннің концентрациясы қалыпты деңгейде болған кезде, гипофизден бөлінетін гормонның мөлшері азаяды. Бұл тироксиннің қалыпты деңгейде болуына көмектеседі.

Базедов ауруы

Эндемиялық зоб



Йодомарин Кретинизм



Жас балаларда қалқанша бездің гормоны жетіспесе, бойы әспей, жыныстық жетілуі тоқталады. Ми сыңарлары қыртысының жұмысы бұзылып, ақилесі кем болады. Мұндай ауруды кретинизм (фр. «*crtinisme*» - жарымес) дейді. Ауру асқынбаса, емдеп жазуға болады.



**Тұлпар
тобы**

10

20

30

**Сұңқар
тобы**

10

20

30

**Қыран
тобы**


10

20


30



* Жаңа туған сәбидің қалқанша
безінің салмағы қанша?




***Тәулігіне адамның
қабылдайтын йод
мөлшері қанша?**




*Кретинизм ауруына
сипаттама бер?*



*Қалқанша безінің
қызметі қандай?



***Қалқанша безінің
салмағы қанша?**




*Бақшанң көз
ауруына сипаттама
бер?




***Қалқанша без
көлденеңінде қанша
мм болады?**



***Қалқанша бездің
алдыңғы артқы бағытта
бүйір үлестері аймағы
қанша мм болады?**



*Микседема ауруына
сипаттама бер?





Назарларыңызға рахмет

